

"Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 52 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 440 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 қыркүйекте № 21213 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 15 наурыздағы № 135 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қорғаныс министрінің 15.03.2022 № 135 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 52 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13453 болып тіркелген, 2016 жылғы 31 наурызда "Әділет" Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, 2016 ж. 16 шілдедегі № 135 (28270) "Егемен Қазақстан") мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ақпарат және коммуникациялар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі

Н. Ермекбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму,
қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
2020 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2020 жылғы 11 қыркүйегі
№ 440 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2016 жылғы 29 қаңтардағы
№ 52 бұйрығымен
бекітілген

Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесі

№	Ашық деректер жинағының атауы	Өзектілендіру кезеңі	Ұсыну мерзімі	Дереккөз (ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы немесе мемлекеттік органның АРІ жүйесі арқылы)	Жауапты адам
1.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігі басшылығының атына келіп түсетін Қазақстан Республикасы азаматтарының өтініштері бойынша статистикалық деректер, санаттары бойынша	12 ай	20 қаңтарға дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрілігінің Әкімшілік департаменті
	Қазақстан Республикасы Қорғаныс		20 наурызға дейін 20 маусымға дейін		

2.	министрлігі басшылығының азаматтарды кабылдау кестесі	3 ай	20 қыркүйекке дейін 20 желтоқсанға дейін	ашық деректер интернет-портал ының АЖО арқылы	
3.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің орталық аппараты үшін мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің бар бос орындары туралы ақпарат	3 ай	20 наурызға дейін 20 маусымға дейін 20 қыркүйекке дейін 20 желтоқсанға дейін	ашық деректер интернет-портал ының АЖО арқылы	
4.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің орталық аппараты үшін мемлекеттік әкімшілік қызметтің бос лауазымдарына орналасуға конкурс өткізу қорытындылары	3 ай	20 наурызға дейін 20 маусымға дейін 20 қыркүйекке дейін 20 желтоқсанға дейін	ашық деректер интернет-портал ының АЖО арқылы	
5.	Запастағы офицерлерді келісімшарт бойынша әскери қызметке кабылдау тәртібі	12 ай	20 қаңтарға дейін	ашық деректер интернет-портал ының АЖО арқылы	
6.	Жоғары оқу орындарының әскери кафедраларын бітірушілерге запастағы лейтенант" офицерлер құрамының алғашқы әскери атағын беру тәртібі	12 ай	20 қаңтарға дейін	ашық деректер интернет-портал ының АЖО арқылы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаменті
7.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі ведомстволық	6 ай	20 мамырға дейін	ашық деректер интернет-портал	

	медальдарының тізімі, медальдар туралы ережелер		20 желтоқсанға дейін	ының АЖО арқылы	
8.	Әскери қызметшілерге жыл сайынғы негізгі демалысқа қосымша 10 тәулік беру құқығын беретін қызмет өткеру жерлерінің тізбесі	12 ай	1 наурызға дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	
9.	Әскери қызметшілер үшін демалыстар (қосымша демалыстар)	12 ай	20 қаңтарға дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	
10.	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Бас штабының, Қарулы Күштері түрлерінің, әскер тектері мен өңірлік қолбасшылықтарының басшылығы туралы ақпарат	3 ай	20 наурызға дейін 20 маусымға дейін 20 қыркүйекке дейін 20 желтоқсанға дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	
11.	Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындары туралы ақпараттық материалдар мен мәліметтер (әскери оқу орындарының жалпы ақпараты, тарихы мен дәстүрлері, оқуға түсу тәртібі, мамандықтар тізбесі)	12 ай	1 наурызға дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери білім және ғылым департаменті
	Қазақстан Республикасы		20 мамырға дейін	ашық деректер	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері

12.	Қарулы Күштерінің бітімгершілік қызметі	6 ай	20 желтоқсанға дейін	интернет-порталының АЖО арқылы	Бас штабының Жауынгерлік даярлық департаменті
13.	Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған өткізілген іс-шаралар тізбесі	12 ай	20 желтоқсанға дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаменті
14.	Әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілер үшін өткізілген мәдени-бос уақыт іс-шараларының тізбесі	12 ай	20 желтоқсанға дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	
15.	Қорғаныс істері жөніндегі департаменттер, басқармалар мен бөлімдер туралы ақпарат (атауы, жұмыс режимі, байланыс жасау, мекенжайы)	6 ай	20 маусымға дейін 20 желтоқсанға дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	
16.	ҚР ҚМ "Әскери-техникалық мектебі" РМҚК филиалдарында әскери оқып-үйретілген резервті даярлау бағдарламасы бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша ақылы негізде әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді даярлау жоспары	12 ай	20 қыркүйекке дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті
	Қазақстан Республикасының Қорғаныс				

17.	министрлігі ұсынатын мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізбесі	12 ай	20 қаңтарға дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау басқармасы
18.	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша статистикалық мәліметтер	12 ай	20 қаңтарға дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	
19.	Әскери қызметшілерді медициналық қамтамасыз ету	12 ай	20 қыркүйекке дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тыл және қару-жарақ бастығының басқармасы
20.	Әскери қызметшілерді киім-кешек мүлкімен қамтамасыз ету	12 ай	20 қыркүйекке дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	
21.	Әскери қызметшілерді тамақпен қамтамасыз ету	12 ай	20 қыркүйекке дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	
22.	Мемлекет есебінен жол жүру құқығы	12 ай	20 қыркүйекке дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	
23.	Әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету	12 ай	20 қыркүйекке дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	
24.	Бос тұрғын үй қоры	6 ай	20 маусымға дейін 20 желтоқсанға дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскерлерді пәтерлерге орналастыру басқармасы
25.	Әскери қызметшілерді зейнетақымен қамсыздандыру	12 ай	20 қыркүйекке дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зейнетақымен қамсыздандыру орталығы
26.	ҚР ҚМ ведомстволық бағынысты ұйымдарының тізбесі	12 ай	20 қыркүйекке дейін	ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ақпарат және коммуникациялар департаменті

Ескертпе: "Ашық деректер" интернет-порталында орналастыру үшін ақпарат Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ақпарат және коммуникациялар департаментіне жолдансын. Жолданатын ақпарат Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Мемлекеттік құпияларды қорғау департаментімен және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі аппаратының басшысымен келісілсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК